



050061, Алматы қаласы, ул. Кисловодская көшесі, 34,
тел: (727) 229-44-81, факс: (727) 229-43-82
e-mail: info@istt.kz / www.istt.kz

050061, г. Алматы, ул. Кисловодская, 34,
тел: (727) 229-44-81, факс: (727) 229-43-82
e-mail: info@istt.kz / www.istt.kz

29 сәуір 2025 ж. 01-05-07/252

№

Қазақстан қор биржасы (KASE)

ПРЕСС-РЕЛИЗ

2024 жылға арналған қаржылық есептіліктің нәтижелеріне

Активтердің өсуі, ұлттық оператор мәртебесі, ақпараттық жүйелердің сапасына басымдық беру және қаржыландырудың көздерін кеңейту:

«Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЖШС (*бұдан әрі - Институт*) 2009 жылы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті тарапынан құрылған. Институттың Жалғыз қатысушысы - Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті.

Институт 2024 жылға арналған қаржылық есептіліктің оң аудиттік қорытындысын алды, активтердің тұрақты өсу динамикасын көрсетеді (*жылда +144 %*) және «Транзит» және «ААШШ» мемлекеттік ақпараттық жүйелерін жүйелі модернизациялауды жүзеге асырады (*жылына материалдық емес активтердің құны +3 492 %*).

2024 жылы Институттың негізгі қаржыландыру көзі авариялар мен апаттар кезінде мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйенің («ААШШ» МААЖ) операторы функциясын орындау болды. «ААШШ» МААЖ жол-көлік оқиғалары немесе басқа төтенше жағдайлар туралы жедел қызметтерді хабардар ету уақытын қысқарту арқылы «алтын сағат» ішінде жедел көмек көрсетуге бағытталған. 2019 жылдан бастап 2,5 миллионнан астам шақыру өңделді, оның ішінде 6,5 мың шұғыл шақырулар, орташа алғанда тәулігіне шамамен 1 700 шақыру өңделеді (олардың ~5-і шұғыл шақыру).

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2024 жылғы 10 қыркүйектегі №731 қаулысымен Институт, навигациялық пломбаларды пайдалана отырып, тасымалдауды қадағалаудың «Транзит» мемлекеттік ақпараттық жүйесінің ұлттық операторы болып тағайындалды. «Транзит» АЖ заманауи цифрлық технологияларды транспорттық-логистикалық секторға интеграциялауға, ел аумағы арқылы транзиттік тасымалдардың ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етуге арналған. 2024 жылы «Транзит» АЖ жүйесі

өндірістік пайдалануға көшуі үшін базалық алғышарттар жасалды, қазіргі уақытта жүйе тәжірибелік пайдалануда: негізгі техникалық компоненттер орналастырылды, навигациялық пломбалармен пилоттық тасымалдар жүргізілуде, мемлекеттік органдармен (кеден қызметтері, шекаралық бақылау, салық органдары) өзара әрекеттесу регламенттері пысықталуда. Институт көрсетілетін қызметтерінің бағалары Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті Төрағасының 2024 жылғы 06 қыркүйектегі № 547/НҚ бұйрығымен бекітілді.

Ұлттық ауқымдағы жобалардың арқасында, Институт бірқатар инновациялық техникалық шешімдер әзірледі, ақпараттық ашықтықты (айқындығын) сақтайды, қаржыландыру көздерін кеңейту бойынша жұмыстар жүргізеді, 2024 жылдың қазанында KASE альтернативті алаңында листингтен өтті. Осылайша, Институт ғылыми және кадрлық әлеуетін сақтап, мемлекеттік саясат, ғылыми әзірлемелер және қолданбалы цифрлық шешімдер қиылысуында ерекше орынға ие болып, елеулі өзгерістер жасады.

2025 жылға Институт аса маңызды цифрлық және навигациялық шешімдерді әзірлеуді, ұлттық ақпараттық жүйелердің тұрақты пайдаланылуын және дамуын қамтамасыз етуді, сонымен қатар, навигация, ғарыштық және ақпараттық технологиялар, спутниктік IoT жүйелері, жасанды интеллект саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізуді жоспарлауда.

Институт 2013 жылғы 23 қарашадан бастап ғарыш кеңістігін пайдалану, оның ішінде зымыран-ғарыштық техника жасау, өндіру, пайдалану, жөндеу және модернизациялау, оның жұмысын қамтамасыз ету үшін жерүсті инфрақұрылымын пайдалану бойынша мемлекеттік лицензия негізінде қызмет атқарады.

Директор



Ө. Тойшыбеков

